

**«БЕКІТІЛДІ»
ШЖК КМҚ «Атырау
облыстық тері-венерология
диспансері» директоры**
Бердешева М.
«___» 2023ж.

**Казимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес казимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесін, өкілеттіктерін және жұмысын үйымдастыруды айқындауды.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдарда ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – казимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) казимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысуышы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де занды тұлғалар;
- 3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін кайшылық;
- 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі - Заң) және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) шешімімен немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге тәуелсіз басқару органнан құрылады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құрылымы мен штат санын (сандық құрамын) директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының келісімі бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмыскерлерінің функционалдық міндеттемелері, құқықтары мен жауапкершілігі квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереженің негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және оларды директорлар кеңесімен, қадағалау кеңесімен (ол болған кезде) немесе өзге тәуелсіз басқару органымен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және үйімның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесі

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің бөлімшесі болып табылады, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, директорлар кеңесіне, қадағалау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына бағынады және есеп береді.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ оның өкілеттіктеріне жатпайтын бағдарламалар мен жобаларды дайындауда және іске асырудан тартылмайды.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыскерлеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.

10. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысын тағайындау және босату сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды тиісті хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметтің жұмысын бағалауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты тиісті квазимемлекеттік сектор ұйымының және оның жұмыскерлерінің Казакстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын Заңға сәйкес сақтауды қамтамасыз ету;
- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 4) Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру болып табылады.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру болып табылады.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функциялары:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясатын әзірлейді;
- 2) ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыскерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

- 3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 4) корпоративтік әдеп құндылықтарын насиҳаттайтың;
- 5) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған кезде) сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 6) квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыскерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- 7) құрылымдық белімшелердің ұйымның және жұмыскерлердің қызметінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымылдың ішкі бағдарламасын орындауына мониторингті әзірлейді және жүргізеді;
- 8) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі улгілік қагидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі Терагасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 бүйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты үйлестіреді;
- 9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауга қатысады;
- 10) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;
- 11) мұдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру мәселелеріндегі анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар кабылдайды;
- 12) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар мен өкілдік шығыстар мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- 13) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;
- 14) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде, қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;
- 15) мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауы тұрғысынан мониторинг жүргізеді;
- 16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 17) құрылымдық белімшелердің және квазимемлекеттік сектор субъектілері жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша құрылымдық белімшелер мен квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің тиісті ақпаратын тындаиды;

19) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

21) жыл сайын квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, қадағалау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органды, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдын басшысы алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құқықтары:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шенберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдының қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшыларынан және басқа да жұмыскерлерінен қызметтік тергеп-тексерулер шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап ету;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдың қарауына ұсыну;

6) өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсетін ақпарат беру арналарын құру не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттемелері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі

саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы директорлар кеңесін, қадағалау кеңесін (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органын уақытылы хабардар етеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органға береді;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби әдеп талаптарын сақтайды.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

4-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетеді.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шарапалар бойынша есептер мен ақпаратты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органның аумақтық департаментіне жібереді.

20. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі жылдық есепті директорлар кеңесіне, қадағалау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына ұсынады.

21. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өздерінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.